

«Қазақ мұнайының ардақтылары» атты өмірбаян сериясы экономикамыздың стратегиялық саласы ретінде Қазақстан Республикасын әлемдегі мұнайлы елдердің қатарына қосу жолында өлшеусіз еңбек еткен ардагер мұнайшыларымыздың өшпес есімдеріне арналған.

«Мұнайшы» қоғамдық қоры

ҚАЗАҚ МҰНАЙЫНЫҢ АРДАҚТЫЛАРЫ

Өмірбаян сериясы

Басталуы – 2006 жыл



УДК 622.32
ББК 33.36
Т 15

Т 15

Тасқынбаева Тойған

Жананға жан бітірген жайсаң жандар – Алматы, 2011. 120 б.

ISBN 9965-816-40-9

Жүз жылдан аса тарихы бар Қазақстан мұнай өнеркәсібін өркендету жолында тер төккен мыңдаған мұнайшылардың жарқын да айшықты еңбектері ұрпақтан ұрпаққа жалғасар ұлағатты мұра. Маңғыстау мұнайының елу жылдығына орай шығарылып отырған бұл кітапқа Бакты Айтқұлов, Жанбырбай Қартбаев, Сәлімжан Асылханов тәрізді мұнай саласы майталмандарының ата тегі, өмірбаяндары, ерлікке пара-пар ерен еңбектері барынша ұғынықты тілмен баяндалады. Кітап қалың оқырманға арналған.

УДК 622.32
ББК 33.36

ISBN 9965-816-40-9

© ОФ «Мұнайшы», 2011

Тойған Тасқынбаева

ЖАПАҢҒА ЖАН БІТІРГЕН ЖАЙСАҢ ЖАНДАР

Бақты Айтқұлов
Жаңбырбай Қартбаев
Сәлімжан Асылханов



Алматы 2011

Үздері жаттыр сайран Маңғыстауда...

Алғы сөз орнына

Адам баласы дүние есігін ашып, есін жиып, етегін жинап, саналы ғұмыры басталған сәттен-ақ «мен осы кіммін, бұл дүниеге не мақсатпен келдім?» деген сұрақтардың жетегінде болатыны анық. Әр пендеге ниетіне қарай Жаратушы Иеміз сол сұрақтардың жауабын беретіні де рас. Сол ниет-амалдарына қарай фәни өмірі де қалыптасатынға ұқсайды. Дана бабаларымыз тіршіліктің қыр-сырына терең философиялық мән берген. Бұл дүниенің тек ішпек пен жемек емес екендігін аталарымыз бір сәтке де естен шығармай, өмірлерін үлкен мағынамен өткізуге талпынған. Халқымыздың неше-бір ғасырлық тарихына, жүріп өткен жолына көз салсаңыз, ылғи да бір ілім мен білімге, жақсылық пен тазалыққа ұмтылуды, адамгершілік заңдарын ұлықтауды көрер едіңіз. Аруақты қастерлеген момын да ер-жүрек, ақкөңіл де мәрт халықтың бағына Жаратушы Иеміз көл-көсір мол байлықты нәсіп еткен сияқты... Сол мол байлықты ел игілігіне жарату жолында талай ерлер аянбай еңбек етіп, өмірлерін сарп етті.

Бұл кітапқа кейіпкер болған ағаларымызды таныстырып өтейік. Олар – Бақты Айтқұлов, Жаңбырбай Қартбаев және Сәлімжан Асылханов деген азаматтар. Бақты Айтқұлов пен Сәлімжан Асылхановтар Ембі мұнайшыларының өкілдері болса, Жаңбырбай Қартбаев – қасиетті Маңғыстаудың төл перзенті.

Бақты Айтқұлов – Жаңа Өзен қаласының өсіп-өркендеуіне үлкен үлес қосқан кеңес, партия қызметкері, құрылысшы. Өкініштісі сол,

Маңғыстау мұнайының бүгінгі мерейтойына бір жыл қалғанда бақилық болып кетті. Солтүстік Бозашы кенішін тұңғыш ашушы, геолог Жаңбырбай Қартбаев 2006 жылы қайтыс болды. Марқұмдардың жатқан жерлері жайлы, топырақтары торқа, рухтары шат-шадыман болып, жандары жаннатта болғай!

Отыз жылға жуық «Маңғыстаумұнайгаз» өндірістік бірлестігінде жұмыс жасаған, өткен ғасырдың 1970 жылдары Өзен кен орнының игерілуіндегі технологиялық олқылықтар мен кемшіліктерді түзеуге барынша атсалысқан, Қазақ КСР мемлекеттік сыйлығының лауреаты, өнертапқыш Сәлімжан ақсақал, құдайға шүкір, күйлі-қуатты, зейнеткер, Ақтау қаласында тұрып жатыр.

Бұл үш азаматтың да Маңғыстау өлкесінің өсіп-өркендеуіне қосқан үлестері, сіңірген еңбектері айтарлықтай-ақ. Марқұм болған Бақты Айтқұлов пен Жаңбырбай Қартбаевтың әріптестері мен жолдас-жораларының бұл күндері қатары сиреп, олар туралы мағлұмат табу біршама қиынға соқты. Оның үстіне байқасақ, бұл кісілер өндірістік және партия-кеңес органдарында қызмет атқара жүріп бүтіндей бір қоғамға пайдалы шаруаларды тындыра жүріп, қазақи қарапайымдылықтан қол үзбеген екен. Өздерін жарнамаламаған, баспасөз беттерінде мақтауды жөн көрмеген сыңайлы. Олардың іскерлік пен кеңпейілдік сияқты адами ұлық қасиеттердің иесі болғандығын жақын білген адамдардың аузынан естідік, жасаған істерінен көрдік.

Кітаптың дайындалу барысында Бақты Айтқұлов туралы мәліметтерді жинақтауға атсалысып, көмектерін аямаған марқұмның баласы Маратқа, інісі Тоғызбаев Сағатқа, қызы Майраға және күйеу баласы Әділге, Құлсарыда тұратын сонау жастық шақтағы достары Нұрмұхаммед ағай мен Тойған жеңгейге, шәкірті Жалғас Бабахановқа, жолдастары Аманжан Өтесіновке, ардагер аға Өтежан Алшымбаевқа үлкен алғысымызды айтамыз. Сондай-ақ Жаңбырбай Қартбаев туралы мәліметтерді жинақтап, өз қолымен жазған марқұмның ағасы Сайлаубай ағайға, фотосуреттерін дайындап, ағаның әр жылдарда жұмыстас болған әріптестерін іздестіріп табуға көмектескен марқұмның зайыбына, келін-балаларына рахметімізді айтамыз.

Бүгін, міне, Маңғыстау мұнайының жарты ғасырлық тарихының парағы да жазылды. Уақыт, шіркін, бір орында тұрмайды ғой. Алла жазса, келер ұрпақ әлі де бұл саланың нешебір мерейтойын өткізер. Бәрімізді сол дүбірлі мерекелерге жеткізсін!

Бақты Айтқұлов

(1930–2010)

Қарапайымдылық пен адамгершілік үнісі

Айтқұлов Бақты (1930 жылы туылған, Атырау облысы, Жылыой ауданы Қаратон кенті) – инженер-электрик. Алматы ауыл шаруашылық институтын (қазіргі ҚазҰАУ бітірген (1955). 1957-62 жылдар аралығында Қамыскөл электр станциясында инженер, 1962-63 жылдары Жылыой аудандық партия комитетінде нұсқаушы, 1963-64 жылдары «Қазақстан» кеңшарында бас инженер, 1966-69 жылдары Гурьев облыстық партия комитеті аппаратында нұсқаушы, 1969-74 жылдары Жаңаөзен аудандық атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары, «Маңғыстаумұнайгазқұрылыс» өндірістік бірлестігі бастығының орынбасары, 1979-87 жылдары «Өзенқұрылысжөндеу» басқармасының басшысы, 1987-97 жылдары «Маңғыстаумұнайгаз» бірлестігінің құрылыс-монтаждау тресі (трест МНГС) бастығының орынбасары, Қазақстан-Ресей-Тәжікстан бірлескен «Нефтяник» бірлестігі бас директорының орынбасары қызметтерін атқарды.

«В.И. Лениннің туғанына 100 жыл» медалімен марапатталған.

Қазақстан мұнай энциклопедиясынан

2005 жыл, Жаңа Өзен қаласының басты мәдени ошағы – «Мұнайшы» мәдениет сарайы. Сахна төрінде Бақты Айтқұлов пен Бағдат Садыққызы Омарованың үлкен портреті. Төменгі жағында былай деп жазылған: «Алтын той – 50». Залдағы көрермендердің нобайы – Жана

Өзен қаласының байырғы тұрғындары. Қаланың аяққа тұрып, қаз басқанын, одан кейінгі тыныс-тіршілігінің қым-қиғаш тағдырын бөлісіп келе жатқан іскер азаматтар. Әрине, той болғасын алыстан ат шаптырып келер қонағы да болады. Алдыңғы қатарда отырған Бақты аға мен Бағдат апаның жанында Құлсарыдан келген көнекөз, сонау балалық бал-дәуреннен келе жатқан байырғы достары. Мерейтой иелерін құттықтаушылар легі толастар емес. Музыка ойналып, сахнаға кеш жүргізушісі шықты. Республика көлемінде танымал әндердің авторы, той өтіп жатқан сарайдың басшысы Кеңес Жалғасов той иелері Бақты Айтқұловты 75 жас, Бағдат Садыққызын 70 жас және екеуінің отау құрғандарына 50 жыл – үш мерейтойларымен құттықтады. Сол күндері қалада өтіп жатқан мәдени шаралардың мәндісі мен мағыналысы осы той екенін Жалғас Кеңесов ерекше атады. Бұл сөздердің жөні бар. Өйткені той иелерінің екеуінің де қырық жылдан аса тарихы бар қаланың өсіп-өркендеуіне қосқан үлестері мол-ақ. Бақты аға мұнайшылардың әлеуметтік жағдайын қамдаса, Бағдат апа олардың балаларын оқытып, тәрбиеледі.

Тарихқа көз жіберелік. 1969 жыл, Жаңа Өзен (алғашқыда Өзен деп аталды). Бұл кезде мұнайшылар қалашығы едәуір бой түзеп, көшіп келушілердің легі әлі де толастамаған кез. Жергілікті ұлустаан салынған екі, үш, төрт қабатты үйлер бірінен соң бірі пайда болып, халықтың әл-ауқаты мен тұрмыстық жағдайы түзеліп келе жатқан шақ. Өсімдік атаулыдан сирек кездесетін жусан мен жантақтан басқа шөбі жоқ медиен дала, жапан түзде тал-ағаштар егілді. Сусыз далаға құбырлармен су келді. Осыдан бар болғаны бес жыл бұрын май топырағы «үф» дегенде аспанға көтеріліп, алдындағы бір адым жерді көре алмай қалатын жапан далада пайда болған қала. Маңғыстау мұнайы туралы кезінде тебірене толғаған Ғабит Мүсірепов осы топырақ турасында былай деген екен: «Маңғыстау шаңы күрпілдеген ұлпа шаң. Ондай шаң Қызылордада да, Түркістанда да жоқ. Бұл бұрқылдаған ордалы шаң, қопарылма қордалы шаң. Екі машина бірінің ізімен бірі жүріп кетсе болғаны, атом ракетасы атылғандай бұрқыраған шаң аспанды белдеулеп әкетеді. Кең далада құйын да көп. Шиырлып тік шаншылған шаңды ұршықтай иіріп, ойды-қырды кезеді де жүреді...» Сол айтқан әйгілі май топырақ асфальтпен жабылды. Дүниемен радио және телебайланыс орнатылды. Мектептер, бала бақшалар, дүкендер бой түзеді. Бір сөзбен айтқанда құла түз далаға өркениет – ғылыми-техникалық прогресс келді.

Ал осыдан жеті-сегіз жыл бұрын Өзен кенішін игеруге келген алғашқы мұнайшылар басында жер кепелерде, сосын вагондарға қоныстанған болатын-ды. 1961 жылы кен орнында атылған алғашқы газ және мұнай бұрқағы осы жерден қала салынуына себепші болды. Бірте-бірте көшпелі вагондардың орнына барак үйлер салына бастады. Сөйтіп, мұнайшылар поселкесі бой көтерді. Өзен қаласының қазығын қадап, бой көтеруінің басы-қасында болған Өзен кен орнын игеруші «Өзен-мұнай» мұнай-газ басқармасының басшысы Рахмет Өтесінов еді. Атырау, Ақтөбе өңірлерінде мұнай саласы мен партия қызметінде біраз ширап, шыңдалып қалған Рахмет Өзенге келісімен, сыбанып жұмысқа кірісті. Күн мен түннің ауысуы осы кезде басталды. Қиыншылықтар бастан асады. Сансыз көп шешімін күткен мәселелер. Ең қиын мәселе – адам қолы, жұмыс күші, мамандар. Оларды табу, орны жоқ қалаға шақыру оңай шаруа болмады. Айта кету керек, Рахмет Өтесінов кадр мәселесін үлкен парасаттылықпен шешті. Бойында қаны бар, жүрегі елім деп соққан зиялы қазақтың азаматы осыдан бірнеше ондаған жыл бұрын ата-қонысын тастап, Орта Азия республикаларын паналап қалған байырғы маңғыстаулықтарды жеріне қайтарудың орайы келгендігін сезіп, Түркменстандағы қандастарымызды шақыруға өз аяғымен барды. Сөйтіп отызыншы жылдардағы большевиктер зұлматынан бауырлас елді сағалаған қазақтардың ұрпақтарының елге оралуына Маңғыстау мұнайының игерілуі бір жағынан себеп болса, екіншіден – сол мұнайдың ел игілігіне жаратылуына көп еңбек сіңірген қазақтың адал ұлы Рахмет Өтесінов ықпал етті. Атыраудан Ембі мұнайшыларын шақырды, бірінші барғанында Рахмет аға он тәжірибелі операторды алып қайтты. Олардың ішінде кейін еңбегі жанып, Социалистік Еңбек Ері атағын иемденген Смағұл Жалғасбаев, Атырау Ығылманов, Омар Бисалиев, Кемелхан Нұрмахановтар та бар еді. Мұнайлы өлкелер – Татарстан, Дағыстан, Әзірбайжаннан да мұнайшылар келді.

Келуін келер, ал олардың қай-қайсысының да бала-шағасы бар ғой, оларға баспана керек. Бұл мәселе басты назарда болатын. Ол кезде Өзен кен орны игерушілерінің тұрағы теңіз жағасында болады деп Мәскеу шешіп қойған болатын. Ал енді жеме-жемге келгенде, мұнайшылар тарапынан «біз бәріне де көнеміз, тек қалашықты осы кен орынның қасынан салсаңыздар екен, күнбе-күн 60-70 шақырым қашықтықтан қатынау қиын болады...» деген өтініштер толып кетті. Сан қабат өндірістік мәселелерге қоса халықты азық-түлікпен, көлікпен, сумен, тағысын

тағылармен қамтамасыз ету – нағыз бас ауыртар проблемалар Рахмет Өтесіновтің сол кезде ұйқысын қашырып, мазасын алды. Жұмыстың көптігі соншалықты, уақыт жетпейді. 24 сағат аздық етеді. Жан алқымға келген кез. Белгілі ақын, көп жылдар Маңғыстауда қызмет жасаған Темірхан Медетбеков Жаңа Өзеннің бой көтеруі туралы былай деп жазған еді: «Сыңсыған тал-терек пен шүйгінді шалғындар өспегенмен, самсаған мұнаралары мен алаулаған оттары бар тұтас бір қала өсіп шықты. Ол қала – тамылжып тұрған дархан табиғаттың шұрайлы төскейін таңдап жүріп қоныс тепкен жоқ. Ол қала – осы бір жұтаң кедірлі даланы қаншама жылдар бойы іздеп жүріп ірге көтерді. Ол қала – шағын ғана жылдардың ішінде шұғыладай жарқырап шұғыл өсті. Ол соңғы бесжылдықта Қазақстан картасында пайда болған он алты қаланың бірі – Жаңа Өзен. Сегізінші бесжылдықтың дүниеге әкелген бірегей перзенті. Әлі аяғынан қаз тұрмай жатып, оның есімі съез мінберлерінде әнгіме болды. Съез директиваларына кірді. Осы бір әзірше шағын қаланың астында дүние жүзіндегі атышулы мұнай алқаптарымен қатар айтылатын мұнай қоры жатыр».

Қала бой көтеріп, құрылыс жұмыстары күрделене бастады. Сондықтан да қаланың құрылысын жүргізетін өз алдына мекеме ашылды. 1965 жылдың ақпан айында «Мангышлакнефтегазстрой» (МНГС) тресі құрылды. Мұның өзі барлық жұмыстың баянды да қарқынды жүргізілуіне себепкер болды. Жаңа Өзендегі құрылыс қарқыны ешбір толастамады. Құрылысшылар күні-түні дамылсыз жұмыс істеді. Құбырмен Сауысқаннан ауыз су келді. Осы жылы Ақтау-Өзен мұнай құбыры іске қосылды. Жаңа Өзеннен бой көтерген ақшаңқан үйлер ұлустаан өрілген. Ұлутас – Маңғыстаудың қара алтыннан кейінгі байлығы. Оның аса бір нәзік түрлерінен сол кездері ғимараттың сыртын қаптайтын жұқа плиталар жасалды.

1969 жылы Жаңа Өзен қаласының бірінші шағын ауданы салынып бітіп, екіншісінің құрылысы басталған кез. Осы кезде Жаңа Өзенге Атыраудан осыған дейін Гурьев облыстық партия комитетінде нұсқаушы ретінде жауапты жұмыстар атқарып, осы салада мол тәжірибе жинақтап, көпшілікпен араласып, жұмыс жасаудың барлық сырларын үйренген жас маман Бақты Айтқұлов келеді. Маңғыстау аумағы ол кезде Атырау облысына қарайды. 1969 жылы облыстық партия комитеті бюросы шешімімен Өзен аудандық атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары жұмысына тағайындалады. Ол кезде партия айтты

ма – оны бұйрық деп қабылдайсың. Барасың деді ме, жіберген жағына шабаданыңды құшақтап кете бересің. Сол кездегі жас мамандардың талабы – ел-халыққа қызмет қылу еді. «Өзім жақсы болсам, өзім байысам» деген ой кіріп те шықпайды ғой бастарына. Сонау қуғын – сүргін кезінде дүниеге келіп, кейін балалық шағы соғыстың зардапты жылдарына тұспа-тұс келген, одан кейін соғыстан кейінгі ауыртпашылықты басынан кешірген ұрпақтың бүкіл ой-арманы, мұраты – өмірді жақсы жағына қарай өзгерту, бастарынан кешкен қиыншылықтарды енді келер ұрпаққа көрсетпеудің амалын қылу болатын. Ауыр өмір кешкен адамның сабырлы-салмақты болатындығы анық. Бақты Айтқұлов та сондай арлы-намысты, биік ойлы ұрпақтың өкілі еді...

Бақты аға 1930 жылдың 15 қаңтарында Атырау облысы, Жылыой ауданы, Қаратон поселкесінде мұнайшы жанұясында дүниеге келген. Қазақта жігіттің елін сұрайтын дәстүрі бар. Руын сұрау, нағашысын, қайын жұртын сұрау – бұл қазақтың кең пейіл-дархандығын көрсететін құбылыс. Өйткені қан араласып кетпеуді жеті атаға дейін қадағалап, ұлттық генофондты сақтауға қатты қарайтын қазақтың кез-келгенінен руын сұрай қалсаң, әйтеуір бір жекжаттық-жұрағаттығың шығып жатады: я ағайын, я нағашылы-жиенді, я құдандалы, я бөле болып жатқаның. Ондайда, қайран, қазағым, туыс таптым деп мәз болады. Бақты ағаның руы – таз, оның Келдібайы, одан Жантай болып бөлінеді. Ақтау қаласында тұратын інісі Тоғызбаев Сағаттың айтуы бойынша, үлкен аталары Шағалак деген кісі болған. Шағалақтан Түктібай мен Тұрыш тарайды. Тұрыштан жеті бала өрбиді: Тоғызбай, Бөрібай, Нығмет, Тәжіғара, Тәждәулет, Айтқұл, Шүйініш.

Бөрібай мен Айтқұлдың өздерінен өрген балалары болмаған. Нығметтен Тілеген деген бала бар, 1962 жылы туылған. Қазір Құлсарыда тұрады. Тәждәулеттен – Қоныс (1947 жылғы, өмірден өтті), бала-шағалары бар, Шүйініштен – Әлібек (1941 жылғы, бұл кісі де қайтты), бала-шағалары бар, бәрі Құлсарыда тұрады. Тоғызбайдан 5 бала бар. Қазақтың иманының күштілігі мен кең пейілділігі ғой – өз баурынан өнген балаларын сұраған тумаласына бала қылып бере берген. Бірінші отасқан әйелінен бала болмаған Айтқұлға Бақтыны береді. Екінші әйелінен туған 8 баланың барлығы да Аллаға шүкір, дін аман, Жаңа Өзенде, әрқайсының отбасы, бала-шағасы бар. Фамилиялары бірақ Тоғызбаев. Қазбек, Жәнібек, Жанғақ, Талшын, Қажымұрат, Қажым, егіз қыздар Алма мен Қамқа. Ал баласыз болған Бөрібайға Керейді берген.

Тәжігараның әйелі Ағиба – адайдың қосайының қызы, 13 күрсак көтерген екен. Содан тоғызы бала кезінде шетінеп, төртеуі аяқтанып, азамат болған. Олар – Керей, Бақты, Сағат және Мәрияш.

Керейден ұл мен қыз бар, екеуі де дәрігер мамандығын таңдап, қазір Болаты Ақтауда, Мариямы Алматыда. Болаттың жолдасы Тілек те медицина қызметкері, екеуінің 3 баласы бар. Мариямның жолдасының аты да Болат, бұлар Алматыда тұрады. Мәрияш ана Жаңа Өзенде, ол кісі де үйлі-баранды. Сағат аға көп жылдар Жаңа Өзенде болып, 1-2 жылдықта Ақтауға қоныс аударды. Ол Бақты ағасының қолдауымен 1976 жылдың ақпан айында Құлсарыдағы автокөлік мекемесінде бас инженер болып отырған жерінен Жаңа Өзендегі АТП-5 мекемесіне бастықтың орынбасары болып ауысып келеді. Ол кезде мекеме бастығы Қилыбаев Қуаныш болатын. 3 жылдай кәсіподақ төрағасы, эксплуатация бөлімінің бастығы, одан кейінгі жылдары көлік инспекциясының бастығы болып қызмет жасап, 2003 жылы зейнеткерлікке шықты. Сағат аға жолдасы шеркештің қызы Аманбөпе екеуі дүниеге, құдай көпсінбесін, 11 бала әкеліп, өсірген. Қазір бәрі де өсіп-жетіліп, әрқайсысының бала-шағасы бар. Тұңғыштары Гүлбаршын (1962 ж.), адай Бәйімбет келіні, Мәншүгі (1964 ж.) шеркеште, Берігі (1966 ж.) шеркештің қызын алған, Жаңа Өзенде, жүргізуші болып істейді, Қайраты (1968 ж.) Құлсарының адай Құдайберген жарының қызын алған, Жаңа Өзенде, жүргізуші болып істейді, Әлия (1971 ж.) Ақтау қаласының әкімшілігінде жұмыста, төленгітке келін болған Гүлмирасы (1973 ж.) Жаңа Өзенде, адай Олжашы қызына үйленген Саламат (1975 ж.) Жаңа Өзенде, жүргізуші, Мұраттың (1977 ж.) құдай қосқан қосағы – адай Бәлидің қызы, ол «Қаламқас» кен орнында машинист, Абай (1979 ж.) адай Медет руының қызын алған, Жаңа Өзенде, Гүлшаттың (1981 ж.) жолдасы адай Бәли. 2007 жылы Сағат аға мен Аманбөпе жеңгейдің қабырғасын қайыстырған оқиға болды. Кенжелері Бауыржан қайғылы қазаға ұшырап, артында келіншегі мен балалары қалды. Алланың ісіне шара жоқ, әке-шешесі мен туған-тумаластары «жатқан жерің жайлы, топырағың торқа, рухың шат-шадыман болып, жаның жаннатта болсын» деуден басқа не амал қыла алады? Ата-бабалары туралы, Бақты ағаларының балалық шағы туралы Сағат аға былай деп сыр шертті.

Тоғызбай аталары болыстың старшинасы болған екен. Ол кезде халықты ру-румен басқарған ғой, таздардың болысы Әбіш деген кісінің көмекшісі болып қызмет еткен. Кемпірі Қараша – адай мамыр жеменей-

дің қызы, өмірге 25 бала әкелген екен, бірақ соның бесеуі ғана ержеткен. Нығмет аталары бұрғылауда верховой болып жасаған, Тәжіғара болса 1926 жылы Қосшағыл ашылғанда сонда жұмысшы болып кірген. Алғырлық, жұмыскерлік қасиеттерінің арқасында кәсіпшілікте бас механикке дейін көтерілген. «Ленин», «Еңбек Қызыл Ту» ордендерімен марапатталған. 1953 жылға дейін еңбек етіп, 1964 жылы көз жұмды.

– Шешемізді «шекем» дейтін едік, сол шекем менің қолымнан, Құлсарыда 1961 жылы дүниеден озды, – деп әңгімесін жалғады Сағат аға.

Тәждәулет аталары да мұнайда бұрғышы болып 1957 жылға дейін жұмыс жасаған. Ол кісі 1977 жылы бақилық болды.

Жұтап, арып-ашыған Жылыой малшылары мұнай кәсіпшіліктері ашылып басталғаннан кейін бірте-бірте осы салаға ауыса бастады. Ол кезде мәшине жоқ, көліктен – түйе арба, ат арба. Бұрғышылардың жұмысы – бұрғы қазып, арматура қондыру, штангілерді жалғау, онысын кәсіпшілікке тапсырып, сосын қачалка қондыру. 15 қачалкаға – 1 эксендрик (жертөле). Онда 15 ұңғының штангілерін тартып, майды сорғызып тұратын насос орналасқан. Жұмысшылардың міндеті – эксендрикте шкивті ремень арқылы тарту. Бұл жерде қолдың қара күші керек. Ремень үзілсе, оны бекітіп жалғайды. Осындай жұмыстарды жасаған – қарапайым қара күш иелері қазақтар. 1899 жылы Атырау өңірінде ағылшындардың бастауымен негізі салынған мұнай кәсіпшілігінде осы өңір адамдарының ізі сайрап жатыр. Бұл жақта мұнайға араласпаған отбасы кем де-кем шығар. Ағылшындар Атырау тарабында 1934 жылға дейін болып, кейін кәсіпшіліктерді кеңес өкіметі өзі игері бастады.

Бақты аға да осындай ортада, кешегі малшылардың тағдырдың тауқыметімен амалсыз өндіріске мойын бұрған кезінде дүниеге келген. Ауыр тұрмыс-тіршілікті елмен бірге басынан кешірген. Мұнайдан тапқан нәпақасы жартусыз болған болу керек, Тәжіғара қосымша шығыр салып, тары егіп, бір орғанда 50-60 пұт тары алады екен. Ол кезде ағайынның арасы тату, «менікі-сенікі» дейтін, сірә, жоқ, әлгі тарыны ағайын-тумаға бөліп береді екен. Бақты әкесіне ерте қолқабыс бере бастаған. Сол кішкентайынан әкесінің қасында ілесіп жүріп, өмірден көрген-білген тәжірибесі кейін саналы өмірінде көп көмегін тигізді. Жас болса да, қара күші ересек адамға бергісіз Бақты тарыны керемет түйеді екен, әлгі. Әке-шешесін аяп, іні-қарындасқа бас-көз боламын деп 16 жасында телефон станциясына монтер болып кіреді. Орта мектепті кешкі мектепте оқып жүріп бітіреді. 1949 жылы Мәскеуге Губкин инсти-

тутына түсуге талпыныс қылады. Оқуда алғыр болса да, орыс тілін жетік білмегендігі зиянын тигізіп, емтихандарды тапсыра алмай елге келіп тағы да 2 жыл жұмыс жасайды. Содан 1951 жылы Алматының ауылшаруашылық институтына оқуға түседі. Оны 1956 жылы бітіріп шығады. Студенттік кезінде танысқан Бағдат Садыққызымен көңіл жарастырып, 1957 жылы екеуі отау құрады. Содан 4 жылдай «Қазақстан» кеңшарында бас инженер болып жасайды. 1962 жылдың басында Бакты Айтқұлов Жылыой аудандық партия комитетінің өндірістік бөліміне нұсқаушы бөп тағайындалады. 1964 жылы Гурьев облыстық партия комитетінің жолдамасымен Бакты аға Алматы қаласындағы жоғары партия мектебіне түсіп, оны 1966 жылы бітіреді. Содан кейін Гурьев облыстық партия комитетінің ауылшаруашылық бөлімінде нұсқаушы болып қызмет жасайды. Бұл жұмысты Бәкең үш жыл атқарып, 1969 жылы Өзен аудандық атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары қызметіне тағайындалады. Ол кезде Өзен аудандық әкімшілік қарамағына Өзен қалалық, Ералы, Жетібай, Ескі Өзен (қазір Қызылсай) және Ақсу поселкелік кеңестері кіретін-ді. Өзен кен орнын игеруге жан-жақтан келгендерге тұрмыстық жағдай жасаудағы туындайтын барлық мәселелерді тез, уақытылы шешу Бакты Айтқұлұлына жүктелді. Қаладағы салынып жатқан тұрғын үйлерге жылу, су, электр тоғын өткізу, қаланы көгалдандыру, қалаишілік жол салу сияқты шаралардың орындау барысын қадағалап, қабылдап алу, қаланың күнделікті тіршілігіне қатысты барлық саланың мүлтіксіз қызмет етуі – осының бәрі Бакты Айтқұловқа жүктелген болатын.

Бәкең атқару комитетінде жинақтаған іс-тәжірибесін 1972 жылы өндіріс саласында – «Өзенмұнай» мұнай-газ өндіру басқармасы (НГДУ «Узеньнефть») бастығының әлеуметтік сала бойынша орынбасары қызметінде пайдаланды. Жаңаөзен қаласының тез қарқынмен өсу жолдары осы кезеңде болды. Құрылыс мәселелері күн өткен сайын күрделеніп, салынып жатқан тұрғын үйлер, мектеп, бала-бақша және тағы да басқа инженерлік құрылымдарды бір жерден басқару мақсатында «Маңғыстаугазөндіру» басқармасын (МГДУ – «Мангышлакское газодобывающее управление») тапсырушы қылды. Бәкенді осы мекеменің бастығының орынбасары етіп жіберді. Бұл 1973 жылдың шілде айы болатын.

Бакты Айтқұлұлының басқару қабілеті, қарамағындағы қызметкерлермен жұмыс жасай білу, олардан талап ете білу шеберлігі және құрылыс саласының білгір маманы екендігін таныған «Маңғыстаумұнайгаз»

өндірістік бірлестігінің басшылары Бәкенді 1979 жылы «Өзен жөндеу құрылыс басқармасына» (УРСУ – «Узенское ремонтно-строительное управление») бастық етіп жібереді. Сол мезгілдері бұл мекеменің негізгі нысандары – қаланың коммуналдық салаға қатысты барлық құрылыстары мен күрделі жөндеу жұмыстары, жолдарды жөндеу, сондай-ақ көгалдандыру жұмыстары еді.

Жоспарлы тапсырмалар орындалмай, материалдық-техникалық жабдықтау артта қалып, басқарманың экономикалық жағдайы төмендеп тұрған кезеңіне тап болған Бәкең уақытпен санаспай кемшіліктерді жоюға бар күш-жігерін салды. Аянбай еткен еңбегінің арқасында 1981 жылдан бастап «ӨЖҚБ» үздік мекеме қатарына қосылды, сол кездегі жоғары марапатқа – социалистік еңбектің жеңімпазы деген атаққа ие болды, ауыспалы қызыл туға қол жеткізді, қалалық құрмет тақтасынан орын алды. Бәкең осы мекемені басқарған мезгілдерінде мекемеге білікті деген жас мамандарды жұмысқа шақырып, олардың тәжірибе жинақтауына, маман ретінде шыңдалуына жағдай жасады. Сол мезгілдерде «ӨЖҚБ» – «мамандар дайындау мектебі» деген атаққа ие болды. Бәкеңмен жұмыстас болып, қазіргі таңда өздері мекеме басқарып жүрген ізбасарлары көптеп саналады.

Жаңа Өзен қаласының екінші шағын ауданындағы «Сапаровский үйлер» (Сапаров деген прорабтың атымен) деп ауызекі тілде аталып кеткен 2 қабатты тұрғын үйлерді, 4-ші шағын аудандағы 2 қабатты 14, 15, 26, 27-ші тұрғын үйлерді салды. Қаланың жылу жүйелері мен су құбырлары жыл сайын бөлінген қаражатқа қарай уақытында күрделі жөндеуден өткізіліп отырылатын.

1985 жылы Ұлы Отан соғысының 40 жылдығын атап өтуге байланысты қаладағы Ардагерлер аллеясын жасақтауда негізгі мердігер болу «ӨЖҚБ»-на жүктелді. Мәңгілік алау мен биіктігі 30 метр стелланың айналасын плитамен төсеу, көгалдандыру, әр түрлі стенділер орналастыру және басқа да безендіру жұмыстары уақытында абыроймен аяқталып, қала халқына тарту етілді. Қаланың сыртқы келбетіне, яғни фасадтарды сылақтау, сырлау, әшекейлеу сияқты жұмыстарды алғашқы болып «ӨЖҚБ» жүргізген болатын. Бірнеше балабақша, мектептер және басқа әлеуметтік нысандар күрделі жөндеуден өткізілді.

1985 жылы қазіргі «Мұнайшы» мәдениет сарайының жанындағы «Балалар қалашығы» құрылысы басталып, 1-ші маусым балалар күніне тапсырылды. Бұл сол уақыттарда қала үшін үлкен жаңалық, әрі

мақтаныш, ал балалар үшін үлкен қуаныш еді. Сол сияқты 1986 жылы 6 жастан баратын балаларға арналған мектептің күрделі жөндеу жұмыстары, 1-шағын ауданның 46 және 49-шы тұрғын үйлері толықтай күрделі жөндеуден өткізіліп тапсырылды.

1987 жылы бірнеше құрылыс мекемелерінің басын біріктіріп «Манғыстаумұнайгазқұрылыс» (МНГС – «Мангышлакнефтегазстрой») тресі құрылды. Сол жылы қазан айында Бақты Айтқұлұлы сол құрылған треске директор орынбасары қызметіне ауысты. 1995 жылы трест таратылғанға дейін сонда қызмет етті. 1992 жылдан бастап жергілікті жердің дербес зейнеткері. 1993 жылы қаланың 25 жылдығына орай Жаңа Өзен қаласының «Құрметті азаматы» атағына ие болды.

Бақты ағайдың отбасы туралы айтатын болсақ, 1957 жылы Омарова Бағдат Садыққызымен көңіл жарастырып, өз алдына үй болды. Алматыда ауылшаруашылық институтын орман шаруашылығы мамандығы бойынша бітірген Бағдат апа Құлсарыға келін болып түсіп, бес жыл оқып алған мамандығының құла түзге жарамайтынын бір-ақ білді. Орман түгіл шөбінің өзі қуаң Құлсарыда Бағдат апа орта мектепке химия пәні мұғалімі болып жұмысқа тұрады. Содан кейінгі жылдары құдай қосқан қосағы қайда барса, ол да бірге ілесіп, өмірдің ащы-тұщысын бірдей бөлісіп, айналасына, ортаға үлгілі отбасы болуға Бағдат апа көп еңбек сіңірді. Тумысынан биязы, жұмсақ мінезді, тәрбие көрген Бағдат апа барған жеріне тастай батып, судай сіңген жақсы келін, қайнылары мен қайын сіңлілеріне үлгілі жанға, ортасына жайдары дос, ұжымына жақсы маман, отбасына жақсы жар мен балаларына мейірімді ана бола білді.

Бақты аға мен Бағдат апа бес бала тәрбиелеп өсірген. Балаларының барлығы жоғары оқу бітірген. Қай ата-анаға да бала-шағасы – байлығы ғой, Бақты аға мен Бағдат апаның өсіріп-өндірген балалары әрқайсысы өз алдына отау құрып, қазір қоғамымыздың әр саласында абыройлы еңбек етуде. Жаңа Өзен қаласындағы №1 орта мектепті алтын медальмен бітірген тұңғыштары Майра – дәрігер-гинеколог, күйеу баласы Әділ – құрылысшы. Алматы қаласындағы медицина институтына түскен Майра оны да қызыл дипломмен бітіреді. Ол 1981-1996 жылдар аралығында Жаңаөзен қаласында дәрігер-гинеколог, перзентханада бөлім меңгерушісі болып істейді. 1991 жылғы Қазақстан әйелдерінің III съезінің делегаты. 1996 жылдан бастап отбасымен Ақтауға көшіп келді. Облыс орталығындағы №1 қалалық емханада бөлім меңгерушісі болды.

2007 жылдан бастап жеке медициналық кабинет ашып, УЗИ аппаратымен қызмет көрсетеді. Жолдасы Әділ Меңдіғарин Батыс Қазақстан ауылшаруашылық институтын инженер-механик мамандығы бойынша бітіріп, еңбек жолын Маңғыстауда бастады. 1981-1983 жылдар аралығында «Маңғышлақмұнайгазқұрылыс» мекемесінде жұмыс істеді. 1983-1991 аралығында Жаңа Өзен қалалық комсомол комитетінде қызмет жасады, екінші хатшы болды, Жаңа Өзен қалалық партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінің нұсқаушысы болып қызмет атқарды. 1991 жылы Әділ өндіріске ауысады. Жаңа Өзендегі «Маңғышлақмұнайгазқұрылыс» (ССУ треста «МНГС») арнайы құрылыс басқармасының бастығы болды. Онда 1996 жылға дейін жасады. 1996 жылы Меңдіғариндер отбасы Ақтауға қоныс аударып, қазіргі таңда осында тұрып жатыр. Ол «Маңғыстаутрансәгентство» акционерлік қоғамының президенті, «Ынта» ЖШС директорының орынбасары, «Маңғыстауқұрылыс» (Ассоциация строителей Мангистауской области) қоғамдық бірлестігінің атқарушы директоры болып қызмет атқарды. 2009 жылдан бастап «Қараойқұрылыс» ЖШС директорының кеңесшісі. Майра мен Әділдің отбасында 3 баласы бар: Айжаны (1984 ж.) – 2001 жылғы физика мен орыс тілінің облыстық және республикалық мектеп олимпиадаларының жеңімпазы. Республикалық «Лидер XXI века» теледидар ойынының апта жеңімпазы. Американың Пенсильвания штатындағы Улсборо қаласында «FLEX» бағдарламасы бойынша мектепте оқыды. Анасы Майра сияқты Айжан да 2002 жылы мектеп-гимназияны қызыл аттестатпен бітіріп, Тұрар Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетіне оқуға түседі. Оны да қызыл дипломмен бітіріп шықты. 2006-2007 жылдары Айжан «Мактомер» ЖШС директорының орынбасары қызметінде болды. 2005 жылы Пекин мемлекеттік институтында студенттер алмасу бағдарламасы бойынша оқыды. Ана тілі мен орыс тілі, сонымен қатар ағылшын, қытай және француз тілдерін меңгерген. 2007-2008 жылдары «Болашақ» бағдарламасы бойынша Англияның Калгестор қаласында магистратурада оқыды. 2009 жылдан бастап Астана қаласында жұмыс жасайды. Ұлдары Олжас (1988 ж.) – Ақтаудағы медицина колледжін бітірді. Айгерім (1996 ж.) Ақтау экономикалық лицейінде үздік оқиды. Бірнеше мәрте қалалық және облыстық ағылшын тілінен өткізілген олимпиадалар жеңімпазы.

Бақты аға мен Бағдат ана 1961 дүниеге келген жалғыз ұлдары Маратты Тәжіғара ақсақалдың атына жазып, оның фамилиясы Тәжіғариев

болды. Марат 1983 жылы Алматы сәулет-құрылыс институтын инженер-құрылысшы мамандығы бойынша бітіріп, Маңғыстауға оралып, содан бері құрылыс саласында еңбек етіп келеді. 1987 жылы Тайжанова Шынарай Қалауқызымен көңіл жарастырып, отау құрады. Бәкеннің келіні де жоғары білімді, Қарағанды мемлекеттік университетін бітірген. Шынарай Айтқұловтар шаңырағына, таздар ауылына жақсы келін бола білді. Ата-енесі наукастанып жатқанда, олардың ақтық демі таусылғанша қастарында болып, бастарын сүйеп, ауыздарына су тамызған да, кейін олар өмірден кайтқанда арулап көмгенде де осы шаруалардың бәрінің басы-қасында Шынарай келін жүрген болатын. Жаратушы Иенің заны қатал: пендесін дүниеге әкелетін уақытын да, алып кететін мерзімін де өзі белгілейді. Өмірден басы жұмыр пенденің барлығы да біреу ерте, біреу кеш отетіні заңдылық... Бұл фаниден әуесі Бағдат апа, кейін араға бірнеше жыл салып Бакты аға да кетті... Марқұмдардың артында олардың өнегелі өмірі қалды, сол өнегелі өмірлерінің жемісі – үлгілі бала-шаға, немерелері өмір сүріп жатыр. Бакты аға мен Бағдат апаның өмірлік ұстанымдарын бүтін немерелерінен айқын көруге болады. Мараттың Жанарай деген қызы (1988 ж.) мектепте озат оқып, бірнеше мәрте мектепшілік физика-математика олимпиадаларына қатысқан, қазір Қазақ мемлекеттік аграрлық университетінің компьютерлік жүйелер және ақпараттық технология факультетінің студенті, Малайзияда магистратурада оқуды жоспарлап отыр. Бакты ағаның екінші немересі Меруерт (1990 ж.) Жаңа Өзендегі №3 мектепті бітіріп, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің сәулет өнері дизайны және көркем сурет факультетінде оқиды. Қосымша Париждегі «Альянс» мектебінің тілдер курсына дәріс алуға. Бакты ағаның сүйікті немересі Бексұлтан 2004 жылы дүниеге келген. Ақтаудың №4 мектеп-гимназиясының оқушысы, оқу озаты. Атасы мен әжесі немере-жасандарынан мейірім-шапағатын аяған жоқ, олардың адамшылық қасиеттерінің қалыптасуына зор ықпал етті, ақыл-кеңестерін беруден жалыққан жоқ. Бакты аға 2000 жылы жанарынан айырылып қалған кезде, немерелері Жанарай мен Меруерт атасын бір сәтке болса да көңілін жабырқатпауға тырысты. Күнбе-күн оған «Жас Алаш», «Маңғыстау» газеттерін оқып беретін еді. Далаға, таза ауаға шығарғанда қасында болып, сүйемелдеген де осы екі кішкентай балапандары болатын. Бәкең өзінің өмір сүйгіштігінің арқасында, сабырмен басына түскен ауырталықты көтере білді. Көзден айырылса да, көңілінен

айырылған жоқ. Елдегі, аумақтағы, қаладағы жаңалықтарды біліп, оған өзінің пікірі мен ойын қосып отыратын. Өзінің сырқатын айналасындағыларға артып тастамай, қайта ешкімге ауыртпалығын салмаудың амалын жасайтын. Әрқашан да жалдырап, көңілін көтеріңкі ұстайтын еді. Күнделікті радио тындап, одан кейін туған-туыстарға, жолдас-жораларға телефон шалып, солардың аمانдық-саулығын біліп, хабарласқанына кәдімгідей марқайып қалатын.

Бәкеңнің Марита деген қызы 1983 жылы Алматыда медицина институтын бітіріп, дәрігер мамандығын алған еді. Қазір Астанадағы республикалық балаларды оңалту орталығында физиотерапевт болып жұмыс жасайды. Өз ісінің шебері, қоғамдық өмірге де белсене араласады, «Нұр Отан» партиясының мүшесі. Маританың ұлы Әнуар атасын қатты жақсы көретін еді, Бәкең марқұм қайтыс болғанда кішкентай болса да, қатты қайғырып, атасының рухына арнап өлең жазған екен. Қазір Астанадағы №60 лицейде оқиды.

Бақты аға мен Бағдат апаның 1963 жылы дүниеге келген Маржан деген қыздары Олжабаев Сергей деген азаматпен отбасы құрған. Үш ұлы бар: Ербол, Абай және Мұхтар деген.

Айтқұловтардың кенже қыздары Мәкен 1967 жылы туылған. Күйеу баланың аты Мұханбетов Мереке, кішкентай Томирис деген қыздары бар. Мәкен 1988 жылы Алматыдағы халық шаруашылығы институтын бітірген. 1989-2009 жылдар аралығында Жаңа Өзен, Ақтау және Астанада мұнай саласында қызмет жасады. 2009 жылдан бері Астанада «Ақ Сұңқар-Секьюрити» ЖШС-ның қаржы директоры. Жолдасы Мереке де (1969 ж.) Алматыдағы халық шаруашылығы институтын, сондай-ақ ҚР ҰҚК жоғары курсы бітірген. 1991-1993 жылдар аралығында Маңғышлақ атом энергетикасы комбинатында (МАЭК), 1993-2001 жылдар аралығында ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінде (ҰҚК), 2001-2002 ж. «KEGOC» АҚ-ында, 2002-2003 ж. – «Қорғау-Сервис» ЖШС-інде, 2003-2010 ж. «Ақ Сұңқар-Секьюрити» ЖШС-інде жұмыс жасаған. 2010 жылдың қараша айында Жанатас қаласының (Жамбыл облысы) әкімі болып тағайындалды.

Атырауда туып-өсіп, кейін саналы ғұмырын Маңғыстауда өткізген, екі елді бірдей тел емген марқұм Бақты ағамыз бен Бағдат жеңгеміздің қарапайымдылығы мен адамгершілігі, кішіпейілділігі мен инабаттылығы олардың жалғасы – көзінің ағы мен қарасындай болған бала-шағасына, одан өрбіген немерелері мен жиендеріне дарысын дегіміз келеді.

Жаңа Өзен қаласының қалыптасуына үлкен үлес қосқан Айтқұлов Бақты Айтқұловтың есімі біздің жадымызда мәңгі сақталмақ...

ЖАҢА ӨЗЕНДЕ МЕНІҢ САНАЛЫ ӨМІРІМ ӨТТІ...

1998 жылы Жаңа Өзен қаласының 30 жылдығы қарсаңында қаланың құрметті азаматы Бақты Айтқұловпен журналист Майра Ғұмарованың сұхбаты.

– Бақты аға, қаламызға 30 жыл толып жатыр. Тарих үшін 30 жыл көп уақыт емес, дегенмен де өткен-кеткенді еске түсірсеңіз. Сіздің өміріңіз бен еңбек жолыңыз осы қаланың тарихымен тығыз байланысты екенін білеміз. Кейде адам өткенге көз салып, кейбір нәрселерге «қап, әттеген-ай!» деп жатады, сол кез қайтып келсе басқаша жасар едім деген ойлар келеді. Сондай «әттеген-айлар» көп пе, әлде қанағат сезімі көбірек пе?

– Жақсы, рахмет. Әңгімені әріден бастайық. 1969 жылы Гурьев обкомында жұмыс жасап жүрген кезім. Сол кезде Есенов Мұханбет Айтқұлович шақырып алып, «сізді жаңа құрылған ауданға ұсынып отырмын» деді. Жаңа құрылған ауданы – Маңғыстаудағы Өзен ауданы. Ол кезде бұл өңір Гурьев облысына қарайды ғой. «Атқару комитетіне хатшының орынбасары қылып жіберейін деп отырмыз» деді. Ол кезде партия бар, біз, сірә, оның солдаттарымыз, «ия» деп жүре береміз. Өзімнің келісімімді бердім. Сөйтіп тамыз айынан бастап Өзен аудандық атқару комитетінде жұмысымды бастап кеттім. Менің мойнымда өндіріс, құрылыс, коммуналдық шаруашылық мәселелері. Ол кезде ауданға Ералы, Ақсу, Жетібай поселкелері және Өзен қаласы бағынады. Жаңа құрылған ауданда қиыншылықтар көп. Ауданның аяғына тұрып кетуіне аудандық партия комитетінің хатшысы Клинчев және аудандық атқару комитетінің төрағасы Есенжанов – осы екі азамат бірталай еңбек сіңірді. Біз соларға көмекші болдық. Қаланың көркеюіне шама-шарқымызша, сол кездегі қаражат шеңберінде үлес қостық.

Сол жылы, яғни 1969-70 жылғы қыс қатты болды. Аудан құрылғанда қалада бар болғаны бірінші шағын аудан, екінші шағын ауданның 1-2 үйі ғана бар, сосын алғаш салынған барақ үйлер, ағаштан салынған 2 қабат үйлер бар. Мұнайдың жоспары жақсы орындалып тұрған кез, қанша дегенмен жаңадан игеріліп басталған үлкен кен орын. Өзен кен

орнының бастығы Рахмет Өтесінов – қалалық партия комитетінің бюро мүшесі. Ол кезде Өзен кәсіпшілігі орысша аталады – НГДУ «Узень-нефть» деп. Қаланың дамуы – сол мұнайгазөндіру басқармасының мойнында, ол орысша айтқанда «градообразующий» мекеме болды. Атқару комитетінің негізгі жұмысы – халықтың әл-ауқатын көтеру, тұрмыстық жағдайын жасау. Сол кездің аса бір маңызды мәселесі – ауыз су және жылу мәселесі болды. Ойлап көріңіз, қу мекиен дала, құла түзде бүтіндей қала салу. Бұл – оңай шаруа емес. Қала үйлеріне жылу беру алғашқыда қиындау болды, өйткені қаладағы жалғыз қазандықтың мүмкіндігі аздау еді. Қаланы білетін адам болса, «Мясо, рыба, молоко» деген дүкеннің қасындағы бу қазандығы естерінде болар. Көп жерлер қатып, жарылып, су қатып қалды. Сол жылғы қыс есімізден кетпес: түнде ұйықтағанда киіммен жататынбыз. Сол проблемаларды шешу үшін төтенше комиссия құрылып, мен сол комиссияны басқардым. Әйтеуір сол қыстан аман-есен шықтық. Алайда енді сол проблеманы келесі жылы болдырмау үшін, жылу жүйесін қайта қарау керек болды. Жылу жүйесін өзгерту, оны әр үйге бөлшектеп жіберу үшін элеваторлық торап алғызып, соны іске қостық. Сол кезде «Маңғышлақмұнай» өндірістік бірлестігі бастығының орынбасары Лапан деген келіп, біздерге кәдімгідей көмектесті. Құрылысты жүргізу үшін подвалдарға да түсіп кететін. Керек болса жоғары қабаттардағы пәтерлерге де көтерілетін. Мақсатымыз – қайткенде де жылу мәселесін түбегейлі шешу. Одан кейін, әрине тазалық сақтау, көгалдандыру мәселелерімен айналыстық. Сол жылдары қаланың коммуналдық жағдайын қарайтын ТКК (жилищно-коммунальная контора – тұрғын-коммуналдық конторы) еді, оның бастығы Брехов Виталий Дмитриевич, орынбасары Салим Салахович дегендер болды. Олар да қаланың өсіп-өркендеуіне көп еңбек сіңірді. Айта кету керек, қала халқының бірінші қажетті тауарлармен қамтылуы өте жақсы деңгейде болды. Жасыратыны жоқ, тауар жетіспеушілігі деген болды ғой кенес дәуірінде. Маңғыстауды тауармен қамту өте мықты болды. Өзен кен орны бірден Мәскеуге қарады, қажетті тауарлармен қамтылу да Мәскеуден болды (московское обеспечение).

Қала бірте-бірте өсе берді, кеңейіп, адам саны да өсті. Екінші шағын аудан, одан кейін үшінші, төртінші, бесінші пайда болды. Қалада әлеуметтік нысандар көптеп салынды – мысалға, аурухана, емхана, мектептер, балабақшалар, спорт кешені, мәдениет сарайы, т.б. Шағын аудандар ішінен үгіт алаңдарын (агитплощадка) жасақтадық.